

<p>«К.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ «ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>		<p>НАО «КазНИТУ имени К.И.Сатпаева» Товарищество с ограниченной ответственностью «ФИЗИКО-ТЕХНИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ»</p>
---	--	--

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТЫ КОЛЛЕКТИВНЫЙ ДОГОВОР

Обсужден:
на собрании трудового коллектива

Еңбек ұжымының
жиналысында талқыланды

Протокол № 03
«16» 02 2026 года

«16» 02 2026 жылғы
№ 03 хаттама

Зарегистрировано
РГУ «Департамент Комитета
государственной инспекции труда
Министерства труда и социальной защиты
населения Республики Казахстан по городу
Алматы»

«Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік
еңбек инспекциясы комитеті департаменті»
республикалық мемлекеттік мекемесінде
тіркелді



Регистрационный № КВ № 32
от «13» мартта 2026 года

Тіркеу № КВ № 32
«13» мартта 2026 жыл

(Подпись) (Ф.И.О)

(Қолы) (Т.А.Ә)

Алматы
2026 год

				
---	---	---	--	---

СОДЕРЖАНИЕ

Раздел 1. Общие положения	3
Раздел 2. Цели и принципы заключения договора	4
Раздел 3. Регулирование производственных и трудовых отношений	5
Раздел 4. Права и обязанности сторон	5
Раздел 5. Режим труда и отдыха	6
Раздел 6. Виды отпусков	7
Раздел 7. Оплата труда	8
Раздел 8. Компенсация вреда, причинённого здоровью Работника	8
Раздел 9. Охрана труда и здоровья	8
Раздел 10. Рассмотрение индивидуальных и коллективных трудовых споров	9
Раздел 11. Социальное развитие коллектива	9
Раздел 12. Гендерная стратегия равенства в сфере труда	9
Раздел 13. Профессиональная реабилитация и занятость Работников с ограниченными физическими возможностями	9
Раздел 14. Условия работы профсоюзной организации	10
Раздел 15. Ответственность за выполнение коллективного договора	10

МАЗМУНЫ

1-бөлім. Жалпы ережелер	3
2-бөлім. Шартты жасасудың максаттары мен қағидалары	4
3-бөлім. Өндірістік және еңбек қатынастарын реттеу	5
4-бөлім. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	5
5-бөлім. Еңбек және демалыс режимі	6
6-бөлім. Демалыс түрлері	7
7-бөлім. Еңбекақы төлеу	8
8-бөлім. Қызметкердің денсаулығына келтірілген залалды өтеу	8
9-бөлім. Еңбекті қорғау және денсаулықты сақтау	8
10-бөлім. Жеке және ұжымдық еңбек дауларын қарау	9
11-бөлім. Еңбек ұжымның әлеуметтік дамуы	9
12-бөлім. Еңбек саласындағы гендерлік теңдік стратегиясы	9
13-бөлім. Мүмкіндіктері шектеулі Қызметкерлердің кәсіби оңалтуы және жұмыспен Қамтылуы	9
14-бөлім. Кәсіподақ ұйымының жұмыс жасау шарттары	10
15-бөлім. Ұжымдық шартты орындау үшін жауапкершілік	10

				
---	---	---	--	---

РАЗДЕЛ 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящий коллективный договор является правовым актом, определяющим взаимные обязательства Работодателя и трудового коллектива ТОО «Физико-технический институт» (далее - Институт) по регулированию социально-трудовых и профессиональных отношений между Работодателем и Работниками на основе согласования взаимных интересов сторон.

1.2. Настоящий договор предусматривает преимущественно дополнительные по сравнению с трудовым законодательством положения об условиях труда, гарантии, льготы и социальные выплаты, предоставляемые Институтом его Работникам. В настоящем Договоре также воспроизводятся основные положения трудового законодательства, имеющие наибольшее значение для Работников Института.

1.3. Трудовой коллектив Института наделяет представителя(-ей) трудового коллектива полномочиями от имени коллектива подписать настоящий коллективный договор. Представителей трудовой коллектив избирает на общем собрании (конференции) в соответствии со ст.20 Трудового кодекса Республики Казахстан.

1.4. Представители работников выражают социальные, профессиональные и иные интересы трудового коллектива Института, являются полномочным представителем Работников на уровне Института и действует в пределах полномочий, предоставленных ему настоящим Договором и действующим законодательством Республики Казахстан. Представители Работников свою деятельность осуществляет на безвозмездной основе.

Представители Работников признают свою ответственность за реализацию общих целей в деятельности и социальной политике Института и направляет свою работу на претворение в жизнь планов деятельности Института.

1.5. Работодатель и трудовой коллектив обязуются соблюдать условия данного договора. Все возникающие разногласия по

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы ұжымдық шарт Жұмыс беруші мен «Физика-техникалық институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Институт) еңбек ұжымы арасындағы өзара міндеттемелерді айқындайтын құқықтық акт болып табылады және тараптардың өзара мүдделерін келісу негізінде Жұмыс беруші мен Қызметкерлер арасындағы әлеуметтік-еңбек және кәсіби қатынастарды реттеуге бағытталған.

1.2. Осы шартта еңбек заңнамасымен салыстырғанда негізінен қосымша еңбек жағдайлары, кепілдіктер, жеңілдіктер. Институттың өз қызметкерлеріне ұсынатын әлеуметтік төлемдері көзделген. Сондай-ақ осы Шартта Институт қызметкерлері үшін аса маңызды болып табылатын еңбек заңнамасының негізгі ережелері қайта баяндалады.

1.3. Институттың еңбек ұжымы еңбек ұжымының өкіл(дер)іне ұжым атынан осы ұжымдық шартқа қол қоюға өкілеттілік береді. Еңбек ұжымы өкілдерін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 20-бабына сәйкес жалпы жиналыста (конференцияда) сайлайды.

1.4. Қызметкерлердің өкілдері Институттың еңбек ұжымының әлеуметтік, кәсіби және өзге да мүдделерін білдіреді, Институт деңгейінде қызметкерлердің уәкілетті өкілі болып табылады және осы Шартта әрі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында берілген өкілеттіліктер шеңберінде әрекет етеді. Қызметкерлердің өкілдері өз қызметін ақысыз негізде жүзеге асырады.

Қызметкерлердің өкілдері Институттың қызметіндегі және әлеуметтік саясаты саласындағы жалпы мақсаттарды жүзеге асырудағы өз жауапкершіліктерін мойындайды және өз жұмыстарын Институттың іс-әрекет жоспарларын орындауға бағыттайды.

1.5. Жұмыс беруші мен еңбек ұжымы осы шарттың талаптарын сақтауға міндетті. Осы шартқа байланысты туындайтын барлық

				
---	---	---	--	---

настоящему договору решаются в соответствии с действующим трудовым законодательством Республики Казахстан.

1.6. Коллективный договор не должен ухудшать положение работников по сравнению с трудовым законодательством Республики Казахстан. Такие положения признаются недействительными и не подлежат применению.

1.7. Условия настоящего коллективного договора не могут быть изменены в одностороннем порядке.

РАЗДЕЛ 2. ЦЕЛИ И ПРИНЦИПЫ ЗАКЛЮЧЕНИЯ ДОГОВОРА

2.1. Настоящий Договор заключен с целью:

- защиты трудовых прав Работников;
- улучшения социально-экономического положения Работников дополнительно к трудовому законодательству Республики Казахстан;
- согласования социально-экономических интересов Работников и деятельности Института для обеспечения эффективной работы Института.

2.2. Настоящий Договор разработан и заключен равноправными Сторонами добровольно на основе соблюдения норм законодательства, полномочности представителей Сторон.

2.3. Стороны подтверждают обязательность исполнения условий настоящего Договора и ответственность их представителей за невыполнение по их вине отдельных его положений.

2.4. Работодатель:

- информирует трудовой коллектив Института о его перспективах, финансовом положении при проведении отчетов;
- принимает внутренние нормативные акты;
- предоставляет отчет 1 (один) раз в год перед трудовым коллективом по финансово-хозяйственной деятельности Института.

2.5. Трудовой коллектив:

- способствует реализации планов НИР/НИОКР/хоздоговоров и заданий Учредителя Института;
- соблюдает нормы Кодекса корпоративной этики сотрудников Института.

келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес шешіледі.

1.6. Ұжымдық шарт Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен салыстырғанда қызметкерлердің жағдайын нашарлатпауы тиіс. Мұндай ережелер жарамсыз деп танылады және қолданылуға жатпайды.

1.7. Осы ұжымдық шарттың талаптары біржақты тәртіппен өзгертілмейді.

2-БӨЛІМ. ШАРТТЫ ЖАСАСУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

2.1. Осы шарт келесі мақсатта жасалды:

- қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау;
- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына қосымша ретінде қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту;
- Институт қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық мүдделері мен Институт қызметін үйлестіру.

2.2. Осы Шарт тең құқылы Тараптар өкілдерінің тарапынан заңнамалық нормаларды сақтау және Тарап өкілдерінің өкілеттілігін ескере отырып ерікті түрде әзірленіп жасалды.

2.3. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындау міндеттілігін және оның кейбір баптарын орындамау жағдайында өз өкілдерінің жауапкершілігін растайды.

2.4. Жұмыс беруші:

- есеп беру барысында Институттың еңбек ұжымын оның даму перспективалары мен қаржылық жағдайы туралы хабардар етеді;
- ішкі нормативтік актілерді қабылдайды;
- Институттың қаржылық-шаруашылық қызметі бойынша жылына 1 (бір) рет еңбек ұжымына есеп береді.

2.5. Еңбек ұжымы:

- ҒЗЖ/ҒЗЖТҚЖ/шаруашылық келісім-шарттарының жоспарларын іске асыруға және Институт Құрылтайшысының тапсырмаларын орындауға ықпал етеді;
- Институт қызметкерлерінің Корпоративтік этика кодексінің нормаларын сақтайды.

				
---	---	---	--	---

2.6. Изменения и дополнения в настоящий коллективный договор в период его действия могут вноситься по взаимному согласию сторон только в письменном виде, оформляются отдельными протоколами и вступают в силу со дня подписания.

В соответствии с п.2 ст.158 Трудового кодекса Республики Казахстан в случае истечения срока действия коллективного договора он считается продленным до заключения нового коллективного договора, но не более чем на срок до одного года, при условии, что хотя бы одной из Сторон до истечения срока его действия внесено предложение о заключении нового коллективного договора.

2.7. Договор вступает в силу с даты подписания Сторонами и действует до 16 февраля 2029 года.

РАЗДЕЛ 3. РЕГУЛИРОВАНИЕ ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ И ТРУДОВЫХ ОТНОШЕНИЙ

3.1. Работодатель совместно с научными Работниками Института осуществляют научную, научно-исследовательскую работу в рамках действующего законодательства.

3.2. Согласно внутренним нормативным документам Института и действующим законодательством Республики Казахстан Работодатель принимает решения по заявлениям, служебным запискам Работников Института.

3.3. Трудовые договора заключаются с Работниками в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

3.4. Работодатель совместно с научными Работниками осуществляет деятельность по возвращению и воспитанию молодых ученых.

3.5. Для большей информированности Работников Работодатель совместно с трудовым коллективом обновляет информацию на общеинститутских стендах, наполняет интернет-ресурсы Института.

3.6. Поддерживается деятельность Работников Института, направленная на повышение своей квалификации.

РАЗДЕЛ 4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

2.6. Осы ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар оны қолдану кезеңінде тек тараптардың өзара келісімімен ғана жазбаша түрде енгізілуі мүмкін, жеке хаттамалармен рәсімделеді және қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 158-бабының 2-тармағына сәйкес, ұжымдық шарттың әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда, жаңа ұжымдық шарт жасалғанға дейін ол ұзартылған деп есептеледі, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге ғана, егер кемінде Тараптардың бірі оның әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін жаңа ұжымдық шарт жасау туралы ұсыныс білдірген болса.

2.7. Шарт Тараптардың қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 2029 жылғы 16 ақпанға дейін әрекет етеді.

3-БӨЛІМ. ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУ

3.1. Жұмыс беруші Институттың ғылыми қызметкерлерімен бірлесіп қолданыстағы заңнама аясында ғылыми, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асырады.

3.2. Институттың ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Жұмыс беруші Институт қызметкерлерінің өтініштері мен қызметтік жазбалары бойынша шешімдер қабылдайды.




3.3. Қызметкерлермен еңбек шарттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасалады.

3.4. Жұмыс беруші ғылыми қызметкерлермен бірлесіп жас ғалымдарды тәрбиелеу және дайындау іс-әрекеттерін жүзеге асырады.

3.5. Қызметкерлердің ақпараттандырылу деңгейлерін арттыру мақсатында Жұмыс беруші еңбек ұжымымен бірлесіп жалпыинституттық стендтердегі ақпаратты жаңартады және Институттың интернет-ресурстарын толықтырады.

3.6. Институт қызметкерлерінің өз біліктілігін арттыруға бағытталған қызметіне қолдау көрсетіледі.

4-БӨЛІМ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

				
---	---	---	--	---

4.1. Права и обязанности Сторон регламентируются действующим трудовым законодательством Республики Казахстан, настоящим коллективным договором, трудовыми договорами между Институтом и Работниками и актами Института, изданными в пределах его полномочий в соответствии с Положением об оплате труда.

4.2. Взаимные обязательства Сторон

1) Стороны обязуются неукоснительно соблюдать условия настоящего договора и признавать при этом:

- приоритет законов и иных нормативных правовых актов Республики Казахстан;

- права и полномочия каждой из Сторон;

- необходимость соблюдения и выполнения установленных законодательством и настоящим коллективным договором.

2) Стороны оказывают взаимную поддержку и содействие в разработке и выполнении мероприятий, направленных на улучшение условий труда, учебы и отдыха Работников, по взаимной договоренности проводят их совместно.

РАЗДЕЛ 5. РЕЖИМ ТРУДА И ОТДЫХА

5.1. Режим рабочего времени и времени отдыха определяется Правилами внутреннего трудового распорядка сотрудников Института в соответствии с настоящим договором и действующим трудовым законодательством.

5.2. В Институте в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан устанавливается продолжительность рабочего времени в пределах 40 часов в неделю для обычных условий труда и не более 36 часов – для вредных и (или) опасных условий труда.

5.3. Для Работников устанавливается пятидневная рабочая неделя с двумя выходными днями (суббота, воскресенье). Продолжительность рабочего дня отдельному Работнику устанавливается в рамках индивидуального трудового договора.

В случае необходимости Работодателем режим ежедневной работы может изменяться

4.1. Тараптардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасымен, осы ұжымдық шартпен, Институт пен қызметкерлер арасындағы еңбек шарттарымен, сондай-ақ Институттың өз өкілеттігі шегінде қабылдаған актілерімен реттеледі.

4.2. Тараптардың өзара міндеттемелері

1) Тараптар осы шарттың талаптарын бұлжытпай сақтауға міндеттенеді және төмендегілерді мойындайды:

- Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің басымдығын;

- әрбір Тараптың құқықтары мен өкілеттіктерін;

- заңнамада және осы ұжымдық шартта белгіленген талаптарды сақтау мен орындау қажеттілігін.

2) Тараптар қызметкерлердің еңбек ету, оқу және демалу жағдайларын жақсартуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу және орындау барысында өзара қолдау мен жәрдем көрсетеді, оларды өзара келісім бойынша бірлесіп жүзеге асырады.



5-БӨЛІМ. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС РЕЖИМІ

5.1. Жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі осы шартқа және қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес Институт қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен айқындалады.

5.2. Институтта Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес калыпты еңбек жағдайлары үшін аптасына 40 сағаттан аспайтын, ал зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары үшін аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының ұзақтығы белгіленеді.

5.3. Қызметкерлер үшін екі демалыс күнімен (сенбі, жексенбі) бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді. Жекелеген Қызметкер үшін жұмыс күнінің ұзақтығы жеке еңбек шарты шеңберінде айқындалады.

Қажет болған жағдайда Жұмыс беруші жұмыс ерекшелігін ескере отырып, белгіленген жұмыс

				
---	---	---	--	---

с учетом специфики работы с соблюдением установленной продолжительности рабочей недели. Продолжительность рабочего дня накануне **государственных и национальных** праздничных дней сокращается на 1 (один) час.

5.5. По инициативе Работника или Работодателя по соглашению Сторон с разрешения руководителя организации с согласованием всех заинтересованных лиц:

- Работнику предоставляется возможность дистанционной или комбинированной дистанционной работы;
- устанавливаются индивидуальные режимы труда с применением гибких или скользящих графиков работы, если производственные условия допускают такую возможность.

РАЗДЕЛ 6. ВИДЫ ОТПУСКОВ

6.1. Работникам предоставляются следующие виды отпусков согласно трудовому законодательству Республики Казахстан:

- 1) оплачиваемые ежегодные трудовые отпуска;
- 2) социальные отпуска.

6.2. Работникам предоставляются следующие виды оплачиваемых ежегодных трудовых отпусков:

- 1) основной оплачиваемый ежегодный трудовой отпуск;
- 2) дополнительный оплачиваемый ежегодный трудовой отпуск.

6.3. Работникам Института устанавливается следующая продолжительность основного оплачиваемого ежегодного трудового отпуска:

- 1) 56 (пятьдесят шесть) календарных дней - для докторов наук;
- 2) 42 (сорок два) календарных дня - кандидатам наук, докторам философии (PhD), докторам по профилю и СНС без степени;
- 3) 35 (тридцать пять) календарных дней - иным научным сотрудникам;
- 4) 32 (тридцать два) календарных дня - для сотрудников аппарата управления, специалистов и инженерно-технических Работников;

аптасының ұзақтығын сақтай отырып, күнделікті жұмыс режимін өзгерте алады. **Мемлекеттік және ұлттық** мереке күндерінің алдындағы жұмыс күнінің ұзақтығы 1 (бір) сағатқа қысқартылады.

5.5. Қызметкердің немесе Жұмыс берушінің бастамасы бойынша Тараптардың келісімімен, ұйым басшысының рұқсатымен және барлық мүдделі тұлғалармен келісу арқылы:

- қызметкерге қашықтан немесе аралас қашықтан жұмыс істеу мүмкіндігі беріледі;
- өндірістік жағдайлар мүмкіндік берген жағдайда икемді немесе ауыспалы жұмыс кестелерін қолдана отырып, жеке еңбек режимдері белгіленеді.

6-БӨЛІМ. ДЕМАЛЫС ТҮРЛЕРІ

6.1. Қызметкерлерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес келесі демалыс түрлері беріледі:

- 1) ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы;

- 2) әлеуметтік демалыс.

6.2. Қызметкерлерге келесі жалақысы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы түрлері беріледі:

- 1) негізгі жалақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы;

- 2) қосымша жалақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы.

6.3. Институт қызметкерлеріне негізгі жалақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысының келесі ұзақтығы белгіленеді:

- 1) ғылым докторлары үшін – 56 (елу алты) күнтізбелік күн;

- 2) ғылым кандидаттары, философия докторлары (PhD), профиль бойынша докторлар және ғылыми дәрежесі жоқ АҒҚ үшін – 42 (қырық екі) күнтізбелік күн;

- 3) басқа ғылыми қызметкерлер үшін – 35 (отыз бес) күнтізбелік күн;

- 4) басқару аппараты қызметкерлері, мамандар және инженерлік-техникалық қызметкерлер үшін – 32 (отыз екі) күнтізбелік күн;

М.С. Думан

Т.А. Думан

Б.А. Думан

Д.А. Думан

С.А. Думан

5) 28 (двадцать восемь) календарных дня – лаборантам, техникам всех категорий и рабочим вспомогательных подразделений.

6.4. **Дополнительные** оплачиваемые ежегодные трудовые отпуска предоставляются в соответствии с действующим трудовым законодательством Республики Казахстан.

6.5. Оплачиваемые ежегодные трудовые отпуска и дополнительные предоставляются в соответствии с утвержденным графиком, согласованным с учетом специфики труда заинтересованными подразделениями и предложений Работника.

6.6. Работникам, при предоставлении ежегодного оплачиваемого трудового отпуска выплачиваются пособие на оздоровление к трудовому отпуску один раз в календарном году в размере установленном согласно Положения об оплате труда.

6.7. Под **социальным отпуском** понимается освобождение Работника от работы на определенный период в целях создания благоприятных условий для материнства, прохождения скрининговых исследований, ухода за детьми, получения образования без отрыва от производства и для иных социальных целей.

6.8. Социальные отпуска предоставляются в случаях установленные действующим трудовым законодательством Республики Казахстан.

В Институте предусматриваются дополнительные оплачиваемые, сверх норм трудового законодательства предоставляемые в соответствии с Положением об оплате труда.

РАЗДЕЛ 7. ОПЛАТА ТРУДА

7.1. Оплата труда премирования, оказания материальной помощи и установления доплат и надбавок к должностным окладам Работников Института производится в соответствии с Положением об оплате труда.

РАЗДЕЛ 8. КОМПЕНСАЦИЯ ВРЕДА, ПРИЧИНЕННОГО ЗДОРОВЬЮ РАБОТНИКА

8.1. При причинении вреда жизни и (или) здоровью Работника в связи с исполнением им трудовых обязанностей Работодатель

5) барлық санаттағы зертханашылар, техниктер және қосалқы бөлімшелердің жұмысшылары үшін – 28 (жиырма сегіз) күнтізбелік күн.

6.4. **Қосымша** ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес беріледі.

6.5. Ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы мен қосымша демалыстар еңбек ерекшеліктерін ескере отырып, мүдделі бөлімшелермен келісілген және Қызметкердің ұсыныстарын есепке алған бекітілген кестеге сәйкес беріледі.

6.6. Қызметкерлерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде еңбекақы төлеу туралы Ережеге сәйкес белгіленген мөлшерде күнтізбелік жылына бір рет еңбек демалысына сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді.

6.7. **Әлеуметтік демалыс** деп Қызметкерді белгілі бір мерзімге жұмысынан босатуды түсінеді, бұл ана болуға қолайлы жағдай жасау, скринингтік зерттеулерден өту, балаларға күтім жасау, өндірістен бөлек кетпей білім алу және басқа да әлеуметтік мақсаттар үшін беріледі.

6.8. Әлеуметтік демалыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында белгіленген жағдайларда беріледі.





Институтта қосымша ақылы демалыстар қарастырылған, олар еңбек заңнамасындағы нормалардан тыс беріліп, еңбекақы төлеу туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

7-БӨЛІМ. ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

7.1. Институт қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу, сыйлықақылар беру, материалдық көмек көрсету, сондай-ақ лауазымдық жалақыға қосымша төлемдер мен үстемелерді белгілеу еңбекақы төлеу туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

8-БӨЛІМ. ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ

8.1. Қызметкер еңбек міндеттерін орындау кезінде оның өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтірілген жағдайда,

				
---	---	---	--	---

обязан возместить вред в объеме и порядке, которые предусмотрены законодательством Республики Казахстан.

РАЗДЕЛ 9. ОХРАНА ТРУДА И ЗДОРОВЬЯ

9.1. В Институте обеспечиваются условия труда на рабочем месте, соответствующие требованиям правил по безопасности и охране труда.

9.2. Обучение, инструктирование, проверка знаний Работников по вопросам безопасности и охраны труда обеспечивается за счет средств Работодателя.

9.3. Работодатель обеспечивает страхование Работника от несчастных случаев при исполнении им трудовых (служебных) обязанностей.

9.4. Финансирование мероприятий по безопасности и охране труда осуществляется за счет средств Работодателя и других источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

9.5. Работодатель на паритетных началах совместно с профкомом участвует в рассмотрении споров, связанных с нарушением трудового законодательства, обязательств, установленных настоящим коллективным договором.

РАЗДЕЛ 10. РАССМОТРЕНИЕ ИНДИВИДУАЛЬНЫХ И КОЛЛЕКТИВНЫХ ТРУДОВЫХ СПОРОВ

10.1. Порядок рассмотрения индивидуального трудового спора регламентируется трудовым законодательством и Соглашением о создании согласительной комиссии в Институте.

10.2. Согласительная комиссия является постоянно действующим органом, создаваемым в Институте, на паритетных началах из равного числа представителей от Работодателя и Работников.

РАЗДЕЛ 11. СОЦИАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ КОЛЛЕКТИВА

11.1. Для решения социальных вопросов, Работодатель совместно трудовым коллективом рассматривает возможность организации и проведения различных

Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген көлемде және тәртіппен келтірілген залалды өтеуге міндетті.

9-БӨЛІМ. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ

9.1. Институтта жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі мен қорғау қағидаларының талаптарына сәйкес келетін еңбек жағдайлары қамтамасыз етіледі.

9.2. Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқаулық беру және білімін тексеру Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

9.3. Жұмыс беруші қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыруды қамтамасыз етеді.

9.4. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру Жұмыс берушінің қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

9.5. Жұмыс беруші паритеттік негізде кәсіподақ комитетімен бірлесіп, еңбек заңнамасының және осы ұжымдық шартта белгіленген міндеттемелердің бұзылуына байланысты дауларды қарауға қатысады.


10-БӨЛІМ. ЖЕКЕ ЖӘНЕ ҰЖЫМДЫҚ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ҚАРАУ

10.1. Жеке еңбек дауын қарау тәртібі еңбек заңнамасымен және Институтта Келісім комиссиясын құру туралы келісіммен реттеледі.

10.2. Келісім комиссиясы Институтта тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады және Жұмыс беруші мен қызметкерлер тарапынан тең санды өкілдерден паритеттік негізде құрылады.

11-БӨЛІМ. ЕҢБЕК ҰЖЫМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ

11.1. Әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатында Жұмыс беруші еңбек ұжымымен бірлесіп, еңбек ұжымын біріктіруге бағытталған әртүрлі мәдени-бұқаралық, дене шынықтыру-

				
---	---	---	--	---

культурно-массовых, физкультурно-оздоровительных и иных мероприятий для сплочения трудового коллектива.

РАЗДЕЛ 12. ГЕНДЕРНАЯ СТРАТЕГИЯ РАВЕНСТВА В СФЕРЕ ТРУДА

12.1 В Институте создаются равные возможности для профессионального роста сотрудников обоих полов, с соблюдением принципа равного вознаграждения за равноценный труд.

РАЗДЕЛ 13. ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ РЕАБИЛИТАЦИЯ И ЗАНЯТОСТЬ РАБОТНИКОВ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

13.1. Для лиц с ограниченными возможностями предусматривается трёхпроцентная квота от общей численности рабочих мест в Институте в случае включения Института в список организаций, предоставляющих квоту лицам с ограниченными возможностями.

РАЗДЕЛ 14. УСЛОВИЯ РАБОТЫ ПРОФСОЮЗНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

14.1. Работодатель признает профком как орган, выражающий интересы трудового коллектива и защищающий его права в профессионально-трудовых и социально-экономических вопросах в соответствии с Законом Республики Казахстан «О профессиональных союзах».

РАЗДЕЛ 15. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ВЫПОЛНЕНИЕ КОЛЛЕКТИВНОГО ДОГОВОРА

15.1 К лицам, виновным в нарушении и неисполнении обязательств по коллективному договору будут применяться меры в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

сауықтыру, сондай-ақ өзге де іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу мүмкіндігін қарастырады.

12-БӨЛІМ. ЕҢБЕК САЛАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК СТРАТЕГИЯСЫ

12.1 Институтта екі жыныстағы қызметкерлердің кәсіби өсуі үшін тең мүмкіндіктер жасалады, сондай-ақ тең құндылықтағы еңбек үшін тең ақы төлеу қағидаты сақталады.

13-БӨЛІМ. МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ ОҢАЛТУЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫ

13.1. Институт мүмкіндігі шектеулі адамдарға квота ұсынатын ұйымдар тізіміне енгізілген жағдайда, Институттағы жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін квота көзделеді.

14-БӨЛІМ. КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖАСАУ ШАРТТАРЫ

14.1. Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» Заңына сәйкес кәсіподақ комитетін еңбек ұжымының мүдделерін білдіретін және кәсіби-еңбек және әлеуметтік-экономикалық мәселелерде оның құқықтарын қорғайтын орган ретінде таниды.

15-БӨЛІМ. ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТЫ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

15.1 Ұжымдық шарт бойынша міндеттемелерді бұзуға және орындамауға кінәлі тұлғаларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шаралар қолданылады.

Ұжымдық шарт «Физика-техникалық институты» ЖШС еңбек ұжымы жиналысында

«16» 02 2026 ж. қаралып, мақұлданды.

Коллективный договор рассмотрен и одобрен на собрании трудового коллектива ТОО «Физико-технический институт» от «16» 02 2026 г.

1. РАЗРАБОТАНО комиссией по разработке коллективного договора на основании Приказа №121-П от 11.12.2025г.

2. СОГЛАСОВАНО:

Представители Работодателя:

И.о. заместителя директора по ОВ
«16» февраля 2026 год

[Signature] Д. Абдуалиев

Заместитель директора по КВ
«16» 02 2026 год

[Signature] Е. Буркурманов

Главный бухгалтер
«16» 02 2026 год

[Signature] А. Темирова

Руководитель ОКД
«16» 02 2026 год

[Signature] Л. Шайхиева

Юрист
«16» 02 2026 год

[Signature] С. Бисенов

Представители Работников:

Заместитель директора по НИД
«16» 02 2026 год

[Signature] Н. Чучвага

Ведущий экономист
«16» 02 2026 год

[Signature] А. Шамшен

Заведующая ЛФЯП
«16» 02 2026 год

[Signature] Е. Дмитриева

Председатель ПК
«16» февраль 2026 год

[Signature] Н. Лукьяненко

Инженер ЛИФМ
«16» 02 2026 год

[Signature] И.Гирина

3. УТВЕРЖДЕНО Директор от «18» 02 2026 г. № 1

4. ВВЕДЕНО Редакция № 1



<u>[Signature]</u>	<u>[Signature]</u>	<u>[Signature]</u>	<u>[Signature]</u>	<u>[Signature]</u>
--------------------	--------------------	--------------------	--------------------	--------------------